



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 15 ақпан

Қазақстанның сыртқы борышындағы 2017 жылғы 3-тоқсандағы өзгерістер туралы

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 168,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы кезең үшін 3,5%-ға жақсарып, 108,9% болды.

Оның құрылымында 62% фирмааралық берешекке, 26% - «Басқа секторлардың» байланысты емес кредиторлар алдындағы сыртқы борышына, 8% - мемлекеттік сыртқы борышқа (Үкімет пен Ұлттық Банк), 4% - «Банктер» секторының (ЕДБ және «Қазақстанның Даму банкі» АҚ) сыртқы міндеттемелеріне тиесілі.

2017 жылғы 3-тоқсанда елдің сыртқы борышы 1,0 млрд. АҚШ долларына, негізінен:

- «КазТрансГаз» АҚ-тың еурооблигациялардың 10 жылдық шығарылымын 750 млн. АҚШ долларына тең жалпы номиналдық көлеммен орналастыру;
- резиденттердің коммерциялық кредиттер бойынша берешегін ұлғайту (+204,8 млн. АҚШ долл.);
- еурооблигациялардың қолданыстағы шығарылымдары бойынша купондық сыйақы есептеу (+185,7 млн. АҚШ долл.) есебінен өсті.

Мемлекет бақылайтын ұйымдардың сыртқы борышы 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 26,4 млрд. АҚШ долларын құрады (2017 жылғы 3-тоқсанда 1,2 млрд. АҚШ долларына ұлғаю).

Анықтама үшін:

Фирмааралық берешек тікелей инвесторлар, еншілес және тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелерді білдіреді және 2017 жылғы 3-тоқсанның соңында 64%-ға Қазақстан аумағында ірі мұнай-газ жобаларын іске асыратын шетелдік компаниялар филиалдарының сыртқы борышынан тұрады.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz